

Әкімханов А.Б.,
Әділбаев А.Ш.

**Әбу Мансур әл-Матуридидің
«Китаб әт-Тәуилат» атты
Құран тәпсірі**

Әбу Мансур әл-Матуриди – исламның сунниттік бағытындағы матуридилік кәләм мектебінің негізін қалап, ислам ғылымдарының дамуына сүбелі үлес қосты. Оның ең елеулі де, қомақты еңбегі ислам дінінің ең басты қайнаркөзі – Құран Кәрімге жасаған тәпсірі болып табылады. Ол аталмыш еңбегінде өз дәуірінде болған, тіпті бүгінге дейін жалғасын тапқан, дұрыс пайымдалмаған жағдайда мұсылмандардың ауызбіршілігі мен татулығына сызат түсіретін сенімге және діннің өзге де тармақ мәселелеріне қатысты түйіткілді мәселелерді Құран аяттарын талдай отырып шешуге тырысты. Осылайша Матуриди саналы ғұмырында Құранды дұрыс түсініп, дұрыс пайымдау әрі өзгелерге түсіндіру мақсатында талмай еңбек етті. Нәтижеде оның Китаб әт-Тәуилат атты еңбегі өзінен кейінгі дираят тәпсірлеріне соны үлгі болып, ғасырлар өтсе де құндылығын жоғалтпайтын ислам дінінің ойсана тарихындағы ең елеулі еңбектердің біріне айналды.

Түйін сөздер: Тәпсір, «тәуил», Құран ілімі, тәпсір ілімі, «риуаят» тәпсірі, «дираят» тәпсірі, кәләм ілімі.

Akimkhanov A.B.,
Adilbaev A.Sh.

**Tauilat al-Kuran Abu Mansur
al-Maturidi's Commentary
of Quran**

Abu Mansur al-Maturidi is a founder of sunni Islam style Maturidi kalam school making a great contribution to Islamic science to flourish. His major book is a commentary to Qu'ran, being basis of Islam. In his book he addressed basic iman related issues which led to division of Muslims then and now, as well as the Shariat issues, in line with Qu'ranic verses. Imam Maturidi spent all his life studying and propagating Qu'ranic teachings, thanks to this he left Kitab at-Tawilat behind him which is a priceless book of the Islamic scientific heritage, respected now and then, being an example for «dirayat» style commenting.

Key words: «Tafsir», «tauil», Quran science, «tafsir» science, «riwayat» based «tafsir», «dirayat» based «tafsir», «kalam» (Islamic theology).

Акимханов А.Б.,
Адилбаев А.Ш.

**Тафсир Абу Мансура
аль-Матуриди – Тауилат аль
Куран**

Абу Мансур аль-Матуриди основатель матуридитской школы суннитского вероубеждения, чем внес огромный вклад в развитие исламской науки. Его основным трудом является толкование Корана, основного источника исламской религии. В этом труде он пытался решить многие ключевые вопросы вероубеждения, по причине которых произошел раскол между мусульманами тогда и нынешнее время, а также касающиеся шариата проблемы, в соответствии с аятами Корана. Свою жизнь Матуриди посветил изучению и распространению учений Корана, в результате чего он оставил за собой Китаб ат-Тауилат, бесценный труд исламской научной мысли, не потерявший свою ценность на протяжении многих веков, который служил примером для толкования Корана по методу «дираят».

Ключевые слова: Тафсир, «тауиль», наука Корана, тафсироведение, тафсир на основе «риуаят», тафсир на основе «дираят», калам (исламская теология).

**ӘБУ МАНСУР
ӘЛ-МАТУРИДИДІҢ
«КИТАБ ӘТ-ТӘУИЛАТ»
АТТЫ ҚҰРАН ТӘПСІРІ**

Әбу Мансур әлМатуриди – исламның сунниттік бағытындағы матуридилік кәләм мектебінің негізін қалап, ислам ғылымдарының дамуына сүбелі үлес қосқан ғұламалардың бірі. Матуриди ислам дінінің ойсана тарихында пайда болған сан алуан діни түсініктер арасынан нақылмен (діни мәтіндермен) қатар ақылға да ерекше мән беретін рационалистік діни түсінікті әрі соған негізделген «рай» әдісін қолдайтын жаңашыл ғалымдардың қатарынан саналады. Әсілі ислам дініндегі ақыл мен қисынға негізделген «рай» әдісінің негізін қалаған Әбу Ханифа болса да, оның ілімін эпистемологияға (таным теориясына) негіздей отырып, пәлсапалық әрі теологиялық тұрғыдан ғылыми сипатта одан ары дамытқан имам Матуриди еді. Басқаша айтқанда, Әбу Ханифаның сенім мәселелеріне (усул әддинге) қатысты қарапайым тұжырымдары имам Матуриди арқылы өзіндік ғылыми әдіснамасы бар жүйелі ғылымға, яғни кәләм іліміне айналған. Сол себепті Матуриди өзінің рухани ұстазы Әбу Ханифадан бастау алған ілімі әрі «нақыл» мен «ақылға» негізделген ғылыми әдісі арқылы өз дәуірінде пайда болған көптеген діни мәселелердің оң шешімін таба білді. Сондай-ақ ол мұсылмандардың сенімі мен сана сезіміне едәуір ықпал еткен исламнан тыс діни пәлсапалық ағымдар мен исламның өз ішіндегі бірқатар (дәстүрлі сунниттік бағытқа қайшы ұстанымдағы және сенімдегі) діни саяси ағымдар мен топтарға қарсы тұрды. Осылайша ол исламның ең басты қайнаркөзі Құран мен сүннетке негізделген сунниттік сенімнің таза күйінде сақталып, келешек ұрпаққа жетуіне елеулі үлес қосты.

Матуриди саналы ғұмырында ағартушылықпен қатар, Құран тәпсірі бойынша Китаб әтТәуилят, кәләм ілімі бойынша Китаб әтТаухид сынды әрқайсысы өз саласында өзіндік жаңашылдығымен ерекшеленген соны еңбектер қалдырды. Нәтижеде оның ілімі негізінде өз атымен аталатын өзіндік ғылыми-әдістемесі бар сунниттік сенім мектебі қалыптасты. Бұл мектеп ханафиматуриди деген атпен әу баста Мауараннахр және Хорасан жерінен бастау алып, кейін Орта Азияның өзге аймақтарына, Ресей, Кавказ, Шығыс Түркістан, Түркия, Үндістан, Пәкістан, Малайзия, Индонезия және өзге де мұсылман елдеріне дейін кеңінен тарап, бүгінгі таңда әлем мұсылмандарының тең жарымынан астамын қамтитын үлкен мектепке айналды.

Дегенмен, өткен заманда кейбірі белгілі, енді бірі белгісіз себептермен имам Матуридидің өзі де, ілімі де имам Әшғари, имам Тахауи, имам Ғазали және Ибн Тәймия сынды ғалымдармен салыстырғанда лайықты деңгейде зерттелмегенін көреміз [1, 15]. Міне сондықтан да, бүгінгі таңда Матуриди ілімін жан-жақты зерттеп зерделеу күллі мұсылман үмбеті, соның ішінде, діни дүниетанымы мен ұстанымы о бастан ханафиматуридилік ілім негізінде қалыптасқан Қазақ елі үшін кезек күттірмейтін маңызды мәселе. Әсілі, бұл – еліміздің діни тұтастығына залалын тигізетін сан түрлі келімсек діни ағымдарға төтеп беру әрі халқымыздың рухани иммунитетін күшейтудің бірден бір жолы.

Матуридидің ең елеулі де, қомақты еңбегі ислам дінінің ең басты қайнаркөзі – Құран Кәрімге жасаған тәпсірі болып табылады. Тәуилат әл-Құран, Тәуилат әһл әссуннә немесе Тәуилат әлМатуридия [2, I 336] деп аталып жүрген бұл еңбектің негізгі атауы – Китаб әтТәуилат. Өйткені бұл еңбекке түсіндірме (шарх) жазған Әбу Бәкр Мұхаммед ибн Ахмад ʿАла әдДин әсСамарқанди (538/1144 ж.к.) түсіндірменің кіріспесінде оны Китаб әтТәуилат деп атаған [3, v. 1a.]. Сондай-ақ, Әбу әлЙуср әлПаздауи (493/1099 ж.к.) да Усул әддин атты еңбегінің кіріспесінде аталмыш еңбекті Китаб әтТәуилат деп атаған [4, 14]. Ал еңбектің Тәуилат әл-Құран деп аталуы бәлкім Әбу Му'ин әнНәсәфидің Табсират әләдиллә атты еңбегінде имам Матуридидің еңбектерін атағанда: «Әбу Мансұр әлМатуридидің Құранның тәуилине қатысты еңбегі – теңдессіз кітап», [5, I 359] – деген сөзінен туындаса керек. Сонымен қатар, «табақат» кітаптарының көбінде бұл еңбектің атауы Тәуилат әл-Құран деп келген. Ал Тәуилат әһл әссуннә деген атауға келсек, атынан да көрініп тұрғандай, бұл еңбектің сунниттік сенім негізінде жазылғандығын және имам Матуридидің сунниттердің көшбасшы имамдарының бірі ретінде қабылданғандығын көрсетеді.

Ал енді бұл еңбектің Китаб әтТәфсир немесе Тәфсир әлҚұран емес Китаб әтТәуилат немесе Тәуилат әлҚұран деп аталуының себебі, Матуриди бұл еңбектің кіріспесінде Құран іліміндегі тәпсір мен тәуил ұғымдарының ара-жігін ажыратып былай түсіндірген: «Тәпсір сахабаларға, ал тәуил ғалымдарға тиесілі. Мұның мәні – сахабалар бәріне куә болғандықтан Құран аяттарының не үшін әрі қандай мәселеге қатысты түскенін нақты білген. Құран аятының тәпсірі тәуилге қарағанда маңызды, өйткені тәпсір – Алланың нені меңзегенін (яғни аяттың нақты мән-мағынасын,

ақиқатын) білдіреді. Ол (Алланың атынан) куәлік ету секілді, сондықтан оны тәпсірлеу (аяттың қандай мәселеге қатысты және не себепті түскенін) нақты білетін кісіге ғана рұқсат етіледі. Осыған байланысты, (бір хадисте): «Кімдекім Құранды өз ойымен, өз бетінше тәпсірлейтін болса, тозақтағы орнына дайындалсын», – делінген. Өйткені ол Құран аятын тәпсірлеу арқылы Алланың атынан куәлік еткен (яғни Алланың атынан сөйлеп, үкім айтқан) болады» [6, 349]. Міне, осылайша Матуриди тәпсір ұғымын Алла меңзеген мағынаны нақты білу деп түсіндірсе, тәуил ұғымын Алла меңзеген мағынаның не екеніне қатысты кесімді пікір білдірмей, «бұл аятта Алла меңзеген мағына мынау болуы мүмкін», дегендей, дұрыс болуы ықтимал бірнеше мағынаның бірін таңдау деп түсіндірген. Міне, сондықтан да, ол бұл еңбегін Китаб әтТәфсир емес, Китаб әтТәуилат деп атаған.

ʿАла әдДин әсСамарқанди Китаб әтТәуилатқа жазған түсіндірмесінің алғашқы бетінде бұл еңбекті имам Матуридидің өзі емес, маңдайалды шәкірттері оның тәпсір дәрістерінен жазып алғанын, сол себепті, бұл еңбектің тілі әрі ғылыми стилі оның Китаб әтТаухид, Мақалат, Маахиз әшшараи' сынды өзге еңбектеріне қарағанда әлдеқайда жеңіл екенін айтқан [3, 1a.]. Сонымен қатар тәпсірде кездесетін (قال الشيخ) (шейх былай деді) (قال الفقيه أبو منصور) (ғұлама факих Әбу Мансұр былай айтты) деген сынды сөздер де бұл еңбекті имам Матуридидің шәкірттері құрастырып жазған деген пікірді қуаттай түседі.

Дегенмен, бұл Китаб әтТәуилаттың Матуридиге тиесілі емес екенін көрсетпейді. Өйткені бұл еңбекті оның шәкірттері құрастырып жазғанмен, ондағы Құран аяттарына жасалған тәпсір, тәуил, ғылыми талдаулар, айтылған ой пікірлер мен тұжырымдар, сондай ақ қолданылған тәпсір методологиясы Матуридиге тиесілі. Мұны Китаб әтТәуилат пен Китаб әтТаухидті салыстырғанда анық көруге болады. Өйткені аталмыш қос еңбек ғылыми стиль, әдіс, қолданылған терминдік сөздер мен сөз тіркестері және жалпы мазмұн жағынан бір-біріне өте ұқсас келеді. Мысалға екі еңбекте де (والله أعلم), (جل ثناؤه), (والله الموفق), (و بالله التوفيق) сынды сөз тіркестері жиі кездеседі [7, 57]. Сонымен қатар, екі еңбекте де исламның өз ішіндегі муғтазилиттер, харижиттер, жахмиттер, рафизиттер және каррамиттер сынды топтар, сондай ақ исламнан тыс өзге діндер мен дуалистер, дахриттер сынды діни пәлсапалық ағымдардың сенімдері мен ұстанымдары сынға алынып, сунниттік сенім тұрғысынан теріске шығарылады.

Негізі әу баста тәпсір ілімі хадис ілімінің бір бөлімі болғаны белгілі. Матуриди өмір сүрген кезеңде тәпсір ілімі хадистен бөлініп, өз алдына дербес ілім болып қалыптаса бастады. Құранды бастан аяқ тәпсірлейтін алғашқы тәпсір үлгілері Әбу Жа'фар әтТабари (224-310/839-923), Ибн Әби Хатим әрРази (195/811-277/890), Ибн Хиббан әлБусти (354/965) сынды тәпсірші ғалымдардың қаламынан туындады. Дегенмен бұл тәпсірлер негізінен пайғамбарымыздан (с.а.у.), сахабалардан және табиғиндерден жеткен Құран аяттарының тәпсіріне қатысты риуаяттар негізінде жазылды. Сол себепті, тәпсірдің бұл түрі тәфсир би әрриуая/тәфсир би әлмә'сур (риуаят тәпсірі) деп аталды. Сонымен қатар, ол кезеңде Құран аяттарын тілдік, риторикалық, семантикалық тұрғыдан талдайтын тәпсірлер де жазыла бастады. Ал имам Матуридидің тәпсіріне келсек, бұл Құран аяттарын «нақыл» (Құран, хадис, сахаба және табиғин ғалымдарының сөздері), қирағат ілімі және тілдік ережелермен қатар, ақыл тезіне де салу арқылы жан-жақты талдайтын ерекше әдіс еді. Кейіннен ғалымдар тәпсірдің бұл түрін тәфсир би әддирая/тәфсир би әрра'и (дираят тәпсірі) деп атады. Ендеше, имам Матуридидің бұл тәпсірі Құран ілімі тарихындағы дираят тәпсірінің ең алғашқы үлгісі болып табылады. Оны өзінен кейін жазылған дираят тәпсірлеріне соны үлгі болды деуге толық негіз бар.

Атап айтсақ, бұл еңбек кейіннен жазылған Кәшшәф және Мәфәтих әлҒайб атты тәпсірлерге үлгі болған. Соған қарамастан, тәпсіршілер жайлы автобиографиялық (кутуб әттабақат уә әттаражим), сондай-ақ тәпсір ілімінің тарихы мен методологиясына қатысты жазылған бірқатар елеулі еңбектерде Китаб әтТәуилат жайлы ешқандай мәлімет берілмеуін және Фахруддин әрРазидің Мәфәтих әлҒайб деп аталатын Құран тәпсірінің дираят тәпсірінің ең алғашқы үлгісі ретінде алға тартылуын Құран ілімі тарихындағы ең үлкен қателік деп қабылдау керек [8, 54-55].

Көптеген ғалымдар Китаб әтТәуилаттың баға жетпес теңдессіз еңбек екенін айтқан. Солардың бірі Әбу Му'ин әнНәсәфи Табсират әләдиллә атты еңбегінде: «Әбу Мансур әлМатуридидің Құранның тәуіліне қатысты еңбегі – теңдессіз кітап», [5, I 359] – деген. Сондай-ақ оның шәкірті шейх, имам 'Ала әдДин әсСамарқанди Китаб әтТәуилатқа жазған түсіндірмесінің кіріспесінде былай деген: «Шейх, имам, 'аламу әлҺуда Әбу Мансур Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әлМатуридиге (р.а.) тиесілі Китаб әтТәуилат – сунниттік бағыттың таухид/сенім негіздерін, сондай-ақ Әбу Ханифа және оның ізбасарлары-

ның (а.р.) мәзһабының фикһ негіздері мен тармақтарын Құранға сай баяндайтын аса қадірлі әрі өте пайдалы еңбек» [3, v.1a.]. Ал имам 'Абд әлҚадир әлҚураши (қ.ж.х.775) бұл еңбекке: «Ол – теңдессіз кітап, тіпті, Матуридиден бұрын сол сала бойынша қалам тартқандардың еңбектерінің ешбірі оған мүлде жуықтай алмайды», – деп жоғары баға берген [9, 130-131].

Әсілі бұл еңбекке қарап, имам Матуридидің діни ілімдердің бәрін жоғары деңгейде меңгерген біртуар ғұлама болғанын анық көруге болады. Ол бұл еңбегінде өз дәуірінде болған, бүгінге дейін жалғасын тапқан, мұсылмандардың бірлігі мен татулығына сызат түсіретін сенімге және діннің өзге де тармақ мәселелеріне қатысты түйткілді мәселелерді Құран аяттарын талдай отырып шешуге тырысқан. Бұл еңбек оның тек қана кәләм ілімі бойынша емес, фикһ ілімі, фикһ методологиясы, қирағат ілімі, хадис ілімі, мазһабтар тарихы және жалпы Құран ілімі бойынша асқан білгірлігі мен терең ілімінің жемісі болып табылады.

Негізінде Әбу Мансур Матуриди Құранға біртұтастық принципі шеңберінде қарау бағытын ұстанған. Оның методологиялық әдісі бойынша Құран сүрелері мен аяттары арасында тығыз байланыс пен толыққанды үйлесімділік бар. Осыған орай ол Құранды «әлКитаб әлМутлак» яғни, біржақты қарауға келмейтін бәрін қамтушы «абсолютті кітап» деп атаған. Өйткені оның түсінігінше Құран – адамның рухы мен жан дүниесіне, ақыл ойы мен сана сезіміне яғни, бүкіл болмыс бітіміне тіл қататын иләһи кітап. Сондықтан Матуриди Құранды дұрыс түсініп, дұрыс пайымдау әрі өзгелерге түсіндіру мақсатында бар қабілеті мен білімін, күш жігері мен қажыр қайратын қолданып, талмай еңбек еткен. Нәтижеде оның Китаб әтТәуилат атты еңбегі өзінен кейінгі дираят тәпсірлеріне соны үлгі болып, ғасырлар өтсе де құндылығын жоғалтпайтын ислам дінінің ой сана тарихындағы ең қомақты да, елеулі еңбектердің біріне айналды.

Қосымша

Бүгінгі таңда Китаб әтТәуилаттың әрқайсысы әртүрлі ғасырларда көшіріліп жазылған қырыққа жуық қолжазба нұсқалары мен аталмыш нұсқалар негізінде зерттеліп және өңделіп жарыққа шыққан бірнеше басылымдары бар. Қолжазбалардың басым көпшілігі Түркия мемлекетінің кітапханалары мен мұражайларында сақтаулы. Қалғандары бірқатар батыс және араб елдерінде, сондай-ақ Өзбекстан мұрағаттарында кездеседі.

Китаб әтТәуилат төңірегіндегі бұрынғы және заманымыздағы зерттеулерге келсек, аталмыш еңбекке қатысты ең көне әрі ең елеулі еңбек матуридилік сенім мектебінің маңдайалды өкілдерінің бірі, Әбу Му'ин әнНәсәфидің шәкірті Әбу Бәкр Алауддин Мухаммед ибн Ахмед әсСамарқандидің Китаб әтТәуилатқа жазған «Шарх әтТәуилат әлмансуб илә әшшейх әлимама 'Алам әлҺуда Әби Мансур әлМатуриди» деп аталатын түсіндірмесі болып табылады. Аталмыш еңбектің қолжазба нұсқасы Ыстамбұлдағы Сулеймания кітапханасының Хамидия бөлімінде және Велиуддин Ефенди бөлімдерінде сақтаулы. Тір-келген № 176 және № 297.211.

Біздің заманымыздағы Китаб әтТәуилат төңірегіндегі ең алғашқы зерттеулер Құранның «Фатиха» және «Бақара» сүрелерінің тәпсірімен ғана шектелді. Атап айтсақ, Мұхаммед Ероғлу Китаб әтТәуилаттың Ыстамбұл қаласының кітапханаларындағы бірнеше қолжазба нұсқасын салыстыра отырып, «Фатиха» және «Бақара» сүрелерінің тәпсірін зерттеп, қолжазбалар арасындағы айырмашылықтарды және оларды көшірген кісілердің (куттаб/нусах) жіберген қателіктерін анықтауға тырысқан. (Қар. Мухаммед Ероғлу, «Ebu Mansur elMaturidi ve TevilatulKuran» Әбу Мансур әлМатуриди және Тәуилат әлҚұран, Мармара университеті Илаһият факультеті, басылмаған ғылыми диссертация, Ыстамбұл, 1971 ж. 45+526 б.)

Сондай-ақ, Китаб әтТәуилаттағы «Фатиха» және «Бақара» сүрелерінің тәпсірі төңірегіндегі зерттеулердің (тахқик) бірі 1971 жылы Каирде Ибраһим және Сейид әл'Ауадайн тарапынан, енді бірі 1983 жылы Бағдатта Мұхаммед Мустафиз әрРахман тарапынан жасалып, алғашқысы «Тәфсир әлМатуриди әлмусәммә Тәуилат әһл әссунна» (Тәуилат әһл әссунна деп аталатын Матуридидің тәпсірі) деген атпен, екіншісі An Edition of The First Two Chapters of al-Maturidi's «Ta'wilat Ahl al-Sunna» (Матуридидің Тәуилат әһл әссунна атты тәпсірінің алғашқы екі парасының басылымы) деген атаумен жарыққа шықты. (Ибраһим Ауадейн, Сейид Ауадейн, «Тафсир әлМатуриди әлМусамма тәуилат әһл әссунна», Каир 1994 ж. Er-Rahman, M. Mustafiz, An Edition of The First Two Chapters of al-Maturidi's «Ta'wilat Ahl al-Sunna», University of London, London 1970, 170 p.) Бұл зерттеуге М. Мустафиз әрРахман ағылшын тілінде қомақты кіріспе жазып, онда имам Матуриди және оның еңбектері жайлы кең мәлімет берді. Кейін аталмыш кіріспе түрік тіліне аударылды. (Muhammed Müstafiz er-Rahman, «İmam Maturidinin Tevilatu Ehli's-sünnesine İnglizce Ön-

söz ve Türkçe Tercümesi», Вағдат 1983/1404. Бұл кіріспе Ыстамбұлдағы ISAM кітапханасында 297.211 МАТ.Т нөмірімен тіркелген)

Ал Китаб әтТәуилатқа жасалған толыққанды зерттеулерге келсек, алғашқысы Фатима Юусуф әлХейми тарапынан қолға алынып, нәтижеде «Тәфсиру әлҚұран әл'Азим әлмусамма Тәуилат әһл әссунна» деген атпен бес том күйінде 2004 жылы Бейрутта жарыққа шықты. Екінші зерттеу Мәжди Бәсәллум тарапынан жасалып, «Тәуилат әһл әссунна тәфсиру әлМатуриди» деген атаумен он томдық зерттеу болып, 2005 жылы Бейрутта басылды. Ал ең соңғы, әрі ең қомақты зерттеу Бекир Топалоғлу басшылығындағы бір топ түркиялық исламтанушы ғалымдар тарапынан қолға алынып, «Тәуилат әлҚұран ли Әби Мансур Мухаммед ибн Мухаммед әлМатуриди әсСамарқанди» деген атаумен он жеті томдық зерттеу болып, 2005-2010 жылдар аралығында Ыстамбұлда жарыққа шықты. Аталмыш соңғы зерттеуде ғалымдар Китаб әтТәуилаттың бірнеше қолжазба нұсқасымен қатар, жоғарыда аталған Алауддин әсСамарқандидің Китаб әтТәуилатқа жазған түсіндірмесінің қолжазба нұсқасын да қолданған. (Бекир Топалоғлуның басшылығындағы зерттеушілер тобы, «Тәуилат әлҚұран ли Әби Мансур Мухаммед ибн Мухаммед әлМатуриди әсСамарқанди», Ыстамбұл, имам Әбу Ханифа және имам Матуриди атындағы ғылыми зерттеу қоры, Мизан баспасы, 2005-2010 жж.)

Әбу Му'ин әнНәсәфи өз еңбегінде имам Матуридиге нақты тиесілі болған он екі шақты еңбекті атаса, соның ішінен бізге не бәрі екі ақ еңбек жеткен. Оның бірі жоғарыда аталған Китаб әтТаухид болса, екіншісі тақырыбымызға арқау болған Китаб әтТәуилат. Дегенмен бұл еңбектердің біздің заманымызға дейін тиісті деңгейде зерттелмегені өкінішті-ақ. Мұның ең басты себебі, Матуриди еңбектерінің тілі мен ғылыми стилінің өте күрделі болғандығы еді. Сол себепті, Матуридидің ілімі негізінен Әбу Му'ин әнНәсәфи, Әбу әлЙуср әлПаздауи және Хусам әдДин әсСығнақи сынды матуриди мектебінің маңдайалды өкілдері арқылы тараған. Осыған орай Әбу әлЙуср әлПаздауи өзінің Усул әдДин атты еңбегінің кіріспесінде Матуридидің Китаб әтТаухид және Китаб әтТәуилат деп аталатын елеулі еңбектерінің бар екенін айта келе, сөзін былай түйіндеген: «Дегенмен шейх Әбу Мансурдың қаламынан туған Китаб әтТаухид атты еңбегі ауырлау әрі сөйлем құрылысы да біраз күрделі. Егер олай болмағанда бұл еңбек бізге толық жеткілікті болар еді» [4, 14]. Ал Китаб әтТәуилат алдыңғы еңбекке қарағанда әлдеқайда жеңіл

болғанымен онда да күрделі тұстардың бар екені сөзсіз. Бүгінгі таңда, нақтырақ айтқанда жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап бірқатар исламтанушы, шығыстанушы және дінтанушы ғалымдардың имам Матуридидің ілімі мен еңбектеріне ерекше ден қойып әр қырынан зерттей бастағаны қуантарлық жағдай. Дегенмен олардың дені араб, түрік және батыстық ға-

лымдар екені белгілі. Ендігі кезекте, аталмыш матуридитанушы ғалымдар имам Матуридидің өз отанынан, яғни Орта Азия елдерінен де Матуриди еңбектері мен ілімін жоғары деңгейде зерттеп, кезіндегі Нәсәфи, Паздауи және Сығынақи секілді матуридилік ілімді қайта жаңғыртатын білікті де, білгір ғалымдар әлі де шығады деген сенімде.

Әдебиеттер

- 1 Сөнмез К. Имам Матуриди ве матуридилік. – Анкара: – 2011. 532 б.
- 2 Хажі Халифа. Кәшф әзЗунун. – Ыстамбұл: – 1971. 938.
- 3 Әбу Бәкр Ала әдДин Мұхаммед ибн Ахмад әсСамарқанди. Шәрх Тәуилат әлМатуридия. – Ыстамбұл: – Сулеймания кітап. Велиуддин Ефенди бөл. қолжазба № 297.211.
- 4 Әбу әлЙуср әлПаздауи. Усул әдДин. ред. Ханс П.Л. Каир: – 2005. 271 б.
- 5 Әбу Му'ин әнНәсәфи. Табсират әлӘдиллә. ред. Клауд С. – Дамаск: – 1990. I 538 б.
- 6 Әбу Мансур әлМатуриди. Тәуилат әһл әсСуннә. Ред. Басаллум М. – Бейрут: – 2005. I 638 б.
- 7 Хулейф Ф. К. әтТаухид кіріспесі. – Ыстамбұл: – 1979. 410 б.
- 8 Талиб Ө. Матуридинин тefsир анлайышы. – Ыстамбұл: – 2003. 319 б.
- 9 Абдулкадир әлҚураши. әлЖауаһир әлМуди'ә. – Хайдарабат: –1332 һ.ж. II 563 б.

References

- 1 Sonmez K. Imam Maturidi ve maturidilik. – Ankara: – 2011. 532.
- 2 Haji Halifa. Kashf az-zunun. – Stambul: – 1971. 938.
- 3 Abu Bakr 'Ala ad-Din Muhammad ibn Ahmad as-Samarkandi. Sharh tauilat al-Maturidia – Istambul: – Suleimaniya ktp. Veliuddin Efendi bol. koljazba № 297.211.
- 4 Abu al-Yusr al-Pazdaui. Usul ad-Din. red. Hanz P.L. Kair: – 2005. 271.
- 5 Abu Mu'in an-Nasafi. Tabsirat al-adilla. red. Klaud S. – Damask: – 1990. I 538.
- 6 Abu Mansur al-Maturidi. Tauilat ahl as-sunna. red. Basallum M. – Beirut: 2005. – I 638.
- 7 Kholeif F. Kitab at-tauhid kirispesi. – Stambul: 1979. – 410.
- 8 Talib O. Maturidinin tefsir anlayishy. – Stambul: – 2003. 319.
- 9 Abdulkadir al-Qurashi. Al-Jauahir al-Mudiiya. – Haidarabad: –1332. II 563.